



"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 983 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 3 қыркүйектегі № 548 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 983 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2013 ж., № 55, 769-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімінде:

реттік нөмірі 4-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Запастағы офицерлерге, сержанттарға, сарбаздарға әскери билеттер (әскери билеттердің орнына уақытша куәліктер) немесе олардың телнұсқаларын беру";

реттік нөмірі 5-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 6-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұлы Отан соғысының қатысушыларына куәліктер беру";

реттік нөмірі 7-жолдың 4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке және заңды тұлғалар";

реттік нөмірі 15-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 16-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 17-2-жолмен толықтырылсын:

"

17-2	00102006	Теңізде жүзу кітапшасын беру	Жеке тұлғалар	ИДМ	Порттың теңіз әкімшілігі	Порттың теңіз әкімшілігі	Ақылы	Қағазтүрінде
------	----------	------------------------------	---------------	-----	--------------------------	--------------------------	-------	--------------

";

реттік нөмірі 18-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының халқын тұрғылықты жері бойынша тіркеу";

8-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Тегін";

реттік нөмірі 19-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының халқын тұрғылықты жері бойынша тіркеу есебінен шығару";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, ІІМ аумақтық бөлімшелері, "электрондық үкімет" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды";

реттік нөмірі 20-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының азаматтығын алуды, қалпына келтіруді және одан шығуды тіркеу";

реттік нөмірі 21-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 22-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері";

реттік нөмірі 23-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері";

реттік нөмірі 24-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

реттік нөмірі 26-жолда:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚДМ";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО";

реттік нөмірі 28-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке практикамен айналысатын адамды тіркеу есебі";

реттік нөмірі 30-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Оралман мәртебесін беру немесе ұзарту";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО, Мемлекеттік корпорация";

реттік нөмірі 30-1-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке қою және одан шығару";

реттік нөмірі 30-2-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 33-11-жолмен толықтырылсын:

"

33-11	00202013	Жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алуға тілек білдірген, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрақты тұратын адамдарды, шетелдіктерді есепке қою	Жеке тұлғалар	СІМ	ҚР шетелдердегі мекемелері	ҚР шетелдердегі мекемелері	Ақылы	Қағаз түрінде
-------	----------	---	---------------	-----	----------------------------	----------------------------	-------	---------------

";

реттік нөмірі 36-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру";

реттік нөмірі 38-1-жолдың 7-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"ІІМ аумақтық бөлімшелері, Мемлекеттік корпорация";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 38-5, 38-6-жолдармен толықтырылсын:

"

38-5	00203010	Босқынның жол жүру құжатын беру	Жеке тұлғалар	ІІМ	ІІМ аумақтық бөлімшелері	ІІМ аумақтық бөлімшелері	Тегін	Қағаз түрінде
38-6	00203011	Қазақстан Республикасына уақытша болатын шетелдіктерге жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру	Жеке тұлғалар	ІІМ	ІІМ аумақтық бөлімшелері	Мемлекеттік корпорация, ІІМ аумақтық бөлімшелері	Тегін	Қағаз түрінде

";

реттік нөмірі 40-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"АКМ Ақпарат комитеті";

реттік нөмірі 41-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"АКМ Ақпарат комитеті";

реттік нөмірі 42-жолда:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚДМ";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚДМ Қоғамдық келісім комитеті";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, ҚДМ Қоғамдық келісім комитеті";

реттік нөмірі 43-жолда:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚДМ";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"ҚДМ Қоғамдық келісім комитеті";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, ҚДМ Қоғамдық келісім комитеті";

реттік нөмірі 47-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қаржыминінің Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша аумақтық органдары";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, Қаржыминінің Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша аумақтық органдары";

реттік нөмірі 49-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 50-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 51-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 52-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері";

реттік нөмірі 53-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың ЖАО, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері";

реттік нөмірі 54-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды";

реттік нөмірі 55-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

реттік нөмірі 56-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды";

реттік нөмірі 57-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 62-жолдың 7-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, Еңбекминінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық бөлімшелері, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 62-1-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 62-3, 62-4-жолдармен толықтырылсын:

"

62-3	00402015	Бала кезінен бірінші топтағы мүгедектің күтіміне байланысты жәрдемақы тағайындау	Жеке тұлғалар	Еңбекмині	Еңбекминінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық бөлімшелері	Еңбекмині Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық бөлімшелері, Мемлекеттік корпорация,	Тегін	Электронды/қағазтүрінде
------	----------	--	---------------	-----------	--	--	-------	-------------------------

						"электрондық үкіметтің" веб-порталы		
62-4	00402016	Он жасқа толған баланың пікірін есепке алу туралы қорғаншылар мен қамқоршылар органдарының шешімін беру	Жеке тұлғалар	БҒМ	Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО	Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО	Тегін	Қағазтүрінде

”;

реттік нөмірі 63-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) ЖАО, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері”;

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) ЖАО, қаладағы аудандардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері, "электрондық үкіметтің" веб-порталы”;

реттік нөмірі 70-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО”;

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО, білім беру ұйымдары”;

реттік нөмірі 71-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және қалалардың ЖАО, білім беру ұйымдары”;

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және қалалардың ЖАО, білім беру ұйымдары”;

реттік нөмірі 72-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

реттік нөмірі 73-1-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары, жоғары оқу орындары";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары, жоғары оқу орындары";

реттік нөмірі 73-2-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"БҒМ, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 73-3, 73-4-жолдармен толықтырылсын:

"

73-3	00403014	Олимпиадалық резервтің республикалық мамандандырылған мектеп-интернаттары-колледждеріне және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттарына құжаттарды қабылдау	Жеке тұлғалар	МСМ	Олимпиадалық резервтің республикалық мамандандырылған мектеп-интернаттары-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттар	Олимпиадалық резервтің республикалық мамандандырылған мектеп-интернаттары-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттар	Тегін	Қағазтүрінде
73-4	00403015	Балалар-жасөспірімдер спорт мектептеріне, мүгедектерге арналған спорт мектептеріне құжаттарды қабылдау	Жеке тұлғалар	МСМ	Балалар-жасөспірімдер спорт мектептері, мүгедектерге арналған спорт мектептері	Балалар-жасөспірімдер спорт мектептері, мүгедектерге арналған спорт мектептері	Тегін	Қағазтүрінде

";

реттік нөмірі 75-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

реттік нөмірі 76-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

реттік нөмірі 77-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру және патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап-бағуға ақшалай қаражат төлеуді тағайындау";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды";

реттік нөмірі 78-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 79-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды";

реттік нөмірі 82-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды";

реттік нөмірі 82-1-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

реттік нөмірі 90-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу, есепке алу және есептен шығару, сондай-ақ көлік құралдарын тіркеу туралы куәлік және мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін беру";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, ІІМ аумақтық бөлімшелері, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды/қағаз түрінде";

реттік нөмірі 91-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 92-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 95-жолда:

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 101-1-жолмен толықтырылсын:

"

101-1	00501020	Көлік құралдарының	Жеке және	ІІМ	ІІМ аумақтық	Мемлекеттік корпорация,	Ақылы	Қағазтүрінде
-------	----------	--------------------	-----------	-----	--------------	-------------------------	-------	--------------

		мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісіне телнұсқа беру	заңды тұлғалар		бөлімшелері	ІІМ аумақтық бөлімшелері		
--	--	--	-------------------	--	-------------	-----------------------------	--	--

";

реттік нөмірлері 102, 103, 106, 107, 108, 109, 110-жолдардың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация";

реттік нөмірі 110-1-жолда:

2-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"00502010";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация";

реттік нөмірі 111-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді және олардың өзгерістерін енгізу";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Әділетминінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМК";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды";

реттік нөмірі 112-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауар таңбасын, селекциялық жетістіктерді және өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану құқығын беруді тіркеу";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Әділетминінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМК";

реттік нөмірі 113-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Тауар таңбасына, селекциялық жетістікке және өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықты беруді тіркеу";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Әділетминінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМК";

реттік нөмірі 115-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 117-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Әділетминінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМК";

реттік нөмірі 118-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:
 "Әділетминінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМК";
 реттік нөмірлері 119, 120 және 121-жолдар алып тасталсын;
 мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 121-1-жолмен толықтырылсын:
 "

121-1	00503012	Өнеркәсіптік меншік саласындағы қорғау құжаттарын беру	Жеке және заңды тұлғалар	Әділетминінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМК	Әділетминінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМК	Әділетминінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМК, "электрондық үкіметтің" веб-порталы	Ақылы	Электронды/қағазтүрінде
-------	----------	--	--------------------------	--	--	---	-------	-------------------------

";

реттік нөмірі 122-1-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Әділетминінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМК";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Әділетминінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМК";

8-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақылы";

реттік нөмірі 122-3-жолда:

4-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке тұлғалар";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды";

реттік нөмірі 124-жолда:

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды";

реттік нөмірі 129-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Денсаулық сақтау субъектілері";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Денсаулық сақтау субъектілері";

реттік нөмірі 130-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Уақытша еңбекке жарамсыздық туралы анықтаманы беру";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Денсаулық сақтау субъектілері";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Денсаулық сақтау субъектілері";

реттік нөмірі 132-жол алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 132-2, 132-3, 132-4-жолдармен

толықтырылсын:

"

132-2	00601011	Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтерді көрсетуге үміткер медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің және / немесе міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қызметінің әлеуетті өнім берушісінің денсаулық сақтау субъектілерінің деректер базасына енгізу үшін қойылатын талаптарға сәйкестігін (сәйкес келмеуін) айқындау	Жеке және заңды тұлғалар	ДСМ	"Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" коммерциялық емес акционерлік қоғамының облыстардағы, Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы филиалдары	Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" коммерциялық емес акционерлік қоғамының облыстардағы, Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы филиалдары	Тегін	Қағазтүрінде
132-3	00601012	Жедел медициналық көмек көрсету	Жеке тұлғалар	ДСМ	Денсаулық сақтау субъектілері	Денсаулық сақтау субъектілері	Тегін	Қағазтүрінде
132-4	00601013	Емдеуге жатқызу бюросы порталы арқылы пациенттерге тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде стационарға емделуге жатқызуға жіберу жолдамасын беру	Жеке тұлғалар	ДСМ	Денсаулық сақтау субъектілері	Денсаулық сақтау субъектілері	Тегін	Қағазтүрінде

";

реттік нөмірі 144-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО";

реттік нөмірі 145-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО,

"электрондық үкіметтің" веб-порталы";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 153-6, 153-7, 153-8-жолдармен толықтырылсын:

"

153-6	00602027	Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау және тасымалдау үшін жағдайлардың болуын тексеру актісін беру	Жеке және заңды тұлғалар	ДСМ	ДСМ ФК	ДСМ ФК	Тегін	Қағазтүрінде
153-7	00602028	Медициналық ұйымдарды фармакологиялық және дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техникаға клиникалық зерттеулер жүргізу құқығына аккредиттеу	Жеке тұлғалар	ДСМ	ДСМ ФК	ДСМ ФК	Тегін	Қағазтүрінде
153-8	00602029	Сынақ зертханаларын биологиялық активті заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеулер жүргізу құқығына аккредиттеу	Жеке тұлғалар	ДСМ	ДСМ ФК	ДСМ ФК	Тегін	Қағаз түрінде

";

реттік нөмірі 160-1 жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 161-жолда:

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

8-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Тегін";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды/қағаз түрінде";

реттік нөмірі 162-жолда:

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, "электрондық үкімет" веб-порталы";

8-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Тегін";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды/қағаз түрінде";

реттік нөмірі 163-жолда:

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық үкімет" веб-порталы";

8-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Тегін";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 163-2-жолмен толықтырылсын:

"

163-2	00604005	Көлік құралын басқаруға рұқсат алу туралы анықтама беру	Жеке тұлғалар	ДСМ	Медициналық ұйымдар	Медициналық ұйымдар	Тегін	Қағаз түрінде
-------	----------	---	---------------	-----	---------------------	---------------------	-------	---------------

";

реттік нөмірі 165-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Халықты жұмыспен қамту орталығы";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Халықты жұмыспен қамту орталығы, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 166-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 166-1-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтама беру немесе ұзарту";

реттік нөмірі 169-жолдың 7-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО, Еңбекмині Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық бөлімшелері, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 171-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар тағайындау";

реттік нөмірі 171-4-жол алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 171-5-жолмен толықтырылсын:

"

171-5	00703110	Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру	Жеке тұлғалар	Еңбекмині	БЖЗҚ	Мемлекеттік корпорация, БЖЗҚ	Тегін	Қағазтүрінде
-------	----------	---	---------------	-----------	------	------------------------------	-------	--------------

";

реттік нөмірі 173-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

реттік нөмірі 175-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 177-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

реттік нөмірі 178-2-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

реттік нөмірі 180-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

реттік нөмірі 181-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

реттік нөмірі 182-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

реттік нөмірі 183-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

реттік нөмірі 184-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

реттік нөмірі 185-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

реттік нөмірі 186-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

реттік нөмірі 188-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, "Халықты жұмыспен қамту орталығы" МҚМ, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі, "электрондық үкімет" веб-порталы";

реттік нөмірі 190-1-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Халықты жұмыспен қамту орталығы";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, халықты жұмыспен қамту орталығы, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 190-2-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Жұмыссыздар ретінде жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Халықты жұмыспен қамту орталығы";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 190-3-жолмен толықтырылсын:

"

190-3	00706007	Жұмыссыз ретінде тіркелгендігі туралы анықтама беру	Жеке тұлғалар	Еңбекмині	Халықты жұмыспен қамту орталығы	Халықты жұмыспен қамту орталығы	Тегін	Қағазтүрінде
-------	----------	---	---------------	-----------	---------------------------------	---------------------------------	-------	--------------

";

реттік нөмірі 195-жол алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 206-2, 206-3-жолдармен

толықтырылсын:

"

206-2	00802004	Минералогия, палеонтология, қазба жануарлардың сүйектері бойынша коллекциялық материалдардың экспортына лицензия беру	Жеке және заңды тұлғалар	БҒМ	БҒМ Ғылым комитеті	Электрондық үкіметтің" веб-порталы	Тегін	Электронды
206-3	00802005	Мәдени құндылықтардың, ұлттық архив қорлары құжаттарының, архив құжаттары түпнұсқаларының экспортына лицензия беру	Жеке және заңды тұлғалар	МСМ	МСМ	"Электрондық үкіметтің" веб-порталы	Тегін	Электронды

";

реттік нөмірі 211-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"БҒМ "Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы" ШЖҚ РМК";

реттік нөмірлері 216, 217 және 218-жолдар алып тасталсын;

реттік нөмірі 219-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";
реттік нөмірі 222-3-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО, мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО, мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары";

реттік нөмірі 223-жолдың 9-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды/қағаз түрінде";

реттік нөмірі 224-жолдың 9-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды/қағаз түрінде";

реттік нөмірі 226-жолдың 9-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды/қағаз түрінде";

реттік нөмірі 230-жолдың 9-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды/қағаз түрінде";

реттік нөмірі 231-жолдың 7-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірлері 232 және 233-жолдар алып тасталсын;

реттік нөмірі 250-жолда:

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды";

реттік нөмірі 256-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қаржыминінің Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша аумақтық органдары";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, Қаржыминінің Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша аумақтық органдары, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 257-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қаржыминінің Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша аумақтық органдары";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, Қаржыминінің Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша аумақтық органдары, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 258-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО, "Даму" КДҚ" АҚ";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО, "Даму" КДҚ" АҚ";

реттік нөмірі 259-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Бизнестің жол картасы – 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша кепілдіктер беру";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО, "Даму" КДҚ" АҚ";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО, "Даму" КДҚ" АҚ, "электрондық үкімет" веб-порталы";

реттік нөмірі 260-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды және бизнес-инкубациялау шеңберінде индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыру үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беру";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО";

реттік нөмірі 261-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО";

реттік нөмірі 263-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО";

реттік нөмірі 264-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО";

реттік нөмірі 265-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 265-1-жолмен толықтырылсын:

"

265-1	01001004	Туристік қызмет саласындағы мамандарды даярлауға және біліктілігін арттыруға құжаттарды қабылдау	Заңды тұлғалар	МСМ	Кадрларды даярлау, қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыру қызметін жүзеге асыратын ұйымдар	Кадрларды даярлау, қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыру қызметін жүзеге асыратын ұйымдар	Тегін	Қағазтүрінде
-------	----------	--	----------------	-----	--	--	-------	--------------

";

реттік нөмірі 269-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО";

реттік нөмірі 270-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Ауыр салмақты және (немесе) ірі көлемді автокөлік құралдарының жүруіне арнайы рұқсат беру";

реттік нөмірі 271-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 272-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 272-1-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО";

реттік нөмірі 272-2-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 272-4-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 272-5, 272-6-жолдармен толықтырылсын:

"

272-5	01101011	Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік тұрақты тасымалдау маршруттарын және қозғалыс кестелерін бекіту	Жеке және заңды тұлғалар	ИДМ	Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО	Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО	Тегін	Қағазтүрінде
272-6	01101011	Автокөлік құралын және (немесе)	Жеке және	ІІМ	ІІМ аумақтық бөлімшелері	ІІМ аумақтық бөлімшелері	Тегін	Қағазтүрінде

		олардың тіркемелерін қайта жабдықтауға куәлік беру	заңды тұлғалар					
--	--	---	-------------------	--	--	--	--	--

”;

реттік нөмірлері 273, 274-жолдардың 7-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

”Мемлекеттік корпорация, ”электрондық үкіметтің” веб-порталы”;

реттік нөмірі 275-жолда:

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

”ИДМ Азаматтық авиация комитеті”;

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

”Қағаз түрінде”;

реттік нөмірі 276-жолда:

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

”Электрондық үкіметтің” веб-порталы”;

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

”Электронды”;

реттік нөмірі 279-жолда:

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

”Электрондық үкіметтің” веб-порталы”;

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

”Электронды”;

реттік нөмірі 282-жолдың 7-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

”Мемлекеттік корпорация, ”электрондық үкіметтің” веб-порталы”;

реттік нөмірі 283-жолда:

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

”Электрондық үкіметтің” веб-порталы”;

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

”Электронды”;

реттік нөмірі 284-жолда:

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

”Электрондық үкіметтің” веб-порталы”;

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

”Электронды”;

реттік нөмірі 285-жолдың 7-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

”Мемлекеттік корпорация, ”электрондық үкіметтің” веб-порталы”;

реттік нөмірі 286-жолда:

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды";

реттік нөмірі 288-жолда:

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды";

реттік нөмірі 289-жолда:

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды";

реттік нөмірі 290-жолда:

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды";

реттік нөмірі 291-жолда:

4-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Заңды тұлғалар";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 293-жолдың 7-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация";

реттік нөмірі 294-2-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 297-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемеңің каботажды жүзеге асыруына рұқсат беру";

реттік нөмірі 308-2-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 312-жолда:

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды";

реттік нөмірі 313-жолда:

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды";

реттік нөмірі 315-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды";

реттік нөмірі 316-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды";

реттік нөмірлері 317 және 318-жолдар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 321-1-жолмен толықтырылсын:

"

321-1	01201014	Кешенді экологиялық рұқсатты беру	Жеке және заңды тұлғалар	ЭМ	ЭМ Экологиялық реттеу және бақылау комитеті, ЭМ Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері	ЭМ Экологиялық реттеу және бақылау комитеті, ЭМ Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері, "электрондық үкімет" веб-порталы	Тегін	Электронды/қағазтүрінде
-------	----------	-----------------------------------	--------------------------	----	--	--	-------	-------------------------

";

реттік нөмірі 322-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО";

реттік нөмірі 331-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

реттік нөмірі 333-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 338-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО,
"электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 341-жолда:

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорациясы, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды/қағаз түрінде";

реттік нөмірі 358-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО";

реттік нөмірі 368-жолдың 6-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО";

реттік нөмірі 369-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Пайдалы қазбалар жатқан аумақтарда құрылыс салуға рұқсат беру";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО";

реттік нөмірі 371-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік корпорация, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент
қалаларының ЖАО";

реттік нөмірлері 372, 373, 374, 375, 376, 376-3, 376-4 және 376-5-жолдар алып
тасталсын;

реттік нөмірі 378-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды";

реттік нөмірі 385-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 386-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстық маңызы бар қаланың, ауданның бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы және оның орынбасарлары; Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстық маңызы бар қаланың, ауданның бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы және оның орынбасары бекіткен тізім негізінде бас мемлекеттік және ветеринариялық-санитариялық инспекторлар";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың аумақтық инспекциялары, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 387-жолда:

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды";

реттік нөмірі 389-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО бекіткен тізімнің негізінде мемлекеттік ветеринарлық дәрігерлер";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 390-жолда:

3-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Селекциялық жетістікке қорғау құжатын беру";

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Әділетминінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" РМК";

реттік нөмірі 391-жолдың 7-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің аумақтық инспекциялары, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 392-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 393-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар, "электрондық үкіметтің" веб-порталы";

реттік нөмірі 394-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы";

9-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Электронды";

реттік нөмірі 395-жолда:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың ЖАО";

7-баған мынадай редакцияда жазылсын:

